

БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП

Қараторғай

ЖАРИЯЛАНДЫ
09.03.2018

СІЛТЕМЕ
<https://bilimgger.kz/29932/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Әдебиеттік

оқу

4-СЫНЫП

Сабақ: Қараторғай

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: Көңілді көктем жырлары

Күні: 09.03.2017ж

Сынып: 4 «Ә»

Сабақ негізделген оқу мақсаты

Ж. Аймауытов туралы қосымша түсінік беру, мәтінді оқи отырып, қараторғай құсы, оның ерекшелігі және тіршілігі туралы мағлұмат беру, мәтін мазмұнын меңгерту. Оқиғаның өзекті түйінді ойын ашуға жағдай жасау.

Сабақ мақсаттары

Барлық оқушылар:

А. Мәтінді түсініп оқиды, әңгімені түсіндіре алады.

Оқушылардың басым бөлігі:

В. Өз ойларын анық жеткізе біледі, құстар туралы біледі.

Кейбір оқушылар

С. Әңгімедегі «Қонағым қол басындай, мінезі қорғасындай» сөйлемнің мағынасын түсіндіре алады.

Тілдік мақсат

Оқушылар

Мысал келтіреді өз пікірін айтады, қайталап айта алады.

Көптілділік: құстар—птицы – birds; қонақ—

гость— guest

Негізгі сөздер мен тіркестер:

Терминмен жұмыс

жасайды

Сыныптағы диалог/жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер:

Қараторғайлар пайдасы және зияны туралы айту

«Қонағым қол басындай, мінезі қорғасындай» дегенді қалай түсінеміз?

Жазылым бойынша ұсыныстар: Құстар туралы тағы не білесіңдер?

Алдыңғы оқу

Ғафу Қайырбеков Ана тілі

Жоспар

Жоспарланған уақыт

Жоспарланған жаттығулар

Ресурстар

Басталуы	<p>Гүл сыйлау арқылы бір-біріне тілек айту. 4 топқа бөлу. Әр топқа сөзжұмбақ жасыру.</p> <p>1. Күндіз тіпті ұшпайды, Түнде тышқан ұстайды, Көзі шамға ұқсайды. (Жапалақ)</p> <p>2. Бір құс бар, екі аяқты сегіз бармақ, Түлкі, қасқыр, қоянның бәрін алмақ. (Бүркіт)</p> <p>3. Қос қанатын иіп ап, Жарға келіп қонады.</p> <p>Қара киім киіп ап, Балшықтан үй соғады. (Қарлығаш)</p> <p>4. Аяғы түйеге ұқсайды, Құс болса да ұшпайды. (Түйеқұс)</p> <p>Слайд арқылы қараторғай туралы түсінік беру</p> <p>Қараторғай құсы торғай тұқымдасына жатады. Ұзындығы 19 — 22 см — дей, салмағы 80 — 100 грамдай боп келетін кішкене құс. Тұмсығы ұзындау, өткір, сәл имек. құйрығы қысқа болып келеді. Бұл құс — жыл құстарына жатады, көктемнің алғашқы айларында ұшып келеді. Адамдар олар келетін уақытта үйшік жасап, оның ішіне жем салып, қарсы алады. Қараторғай жерде көректенетін, ағашта және жер бетінде мекендейтін, ұяларын ағаштардың қуысына немесе тастардың арасына салатын құстар.</p>	Жұмбақтар жазылған парақшалар
Ортасы	Автор Ж.Аймауытов туралы түсінік беру. ЖИГСО әдісі бойынша мәтінді топтарға бөлу.	презентация
Аяқталуы	<p>1 тапсырма: Мәтінмен танысу 3 мин</p> <p>2 тапсырма: Берілген тақырып бойынша Жарнама ұйымдастыру. (жасау, қорғау) (10 мин)</p> <p>Әр топ өз тапсырмасын орындайды.</p>	флипчарт, маркерлер, А4 форматтағы қағаз, маркерлер, парақшалар
Аяқталуы	Бекіту. Кері байланыс	Стикерлер, құс ұясы
Қосымша ақпарат http://gomain.ru/search_video Қараторғайдың пайдасы мен зияны	<p>1. «Бағалау парағы» арқылы бағаланды.</p> <p>2. «Бас бармақ» әдісі арқылы бағалау</p>	<p>видеоролик</p> <p>1. Сабақ дүниетану, бейнелеу, орыс тілі, ағылшын тілі пәндерімен тығыз байланысты құрылды. Құстарды қорғау туралы түсінік алды.</p> <p>2. Оқушылардың топтық жұмыс жасау арқылы бірлескен қарым-қатынас орнады. 3. Оқушыларды топқа бөлуде жаңа сабақтың тақырыбымен байланыс болды.</p>
Рефлексия	«Екі жұлдыз, бір тілек»	